

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ  
БАКАЛАВРИАТ ДЕҢГЕЙІ  
6B023 –«Филология»**

Пәндер циклдар ының қысқар ған атаулар ы	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
ЖБП 1	<b>ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛІ (ЖБП)</b>	
1	<b>Экономика және бизнес негіздері</b>	5
	Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндірістік шығындар. Нарықтық экономикадағы өндіріс түсімі. Бизнес ұғымы. Кәсіпкерлік қызметтің түрлері. Меншік теориясы, басқарудың қоғамдық формалары. Тауарлар, ақша. Әлеуметтік-экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржылық жүйе. Бизнесі дамытуда мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурсты үнемдеу. Циклдық экономикалық даму. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан әлемдік шаруашылық қатынастар жүйесінде.	
2	<b>Көркем мәтінге әдебиет талдау</b>	5
	Мәтін поэтикасының ғылым ретіндегі пәні мен міндеттері, мәтін поэтикасын зерттеудің қазіргі кезеңі, көркем мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық бағыттары, әдеби жанр поэтикасы, көркемдеуші құралдар поэтикасы, көркем шығарма және көркем мәтін, әдеби герменевтика, герменевтиканың негізгі ұғымдары, көркем шығарма құрылысы, қазіргі қазақ әңгімелерінің поэтикасы, көркем мәтін құрылымындағы интермәтін поэтикасы т.б. мәтінді зерттеудің жалпы филологиялық мәселелерін қарастырады.	
3	<b>Түркі халықтарының әдебиеті</b>	5
	«Түркі халықтарының әдебиеті» пәнінің мақсаты мен міндеті, зерттеу нысаны, әдістері, проблемалары. Түркітану – шығыстану ғылымының бір саласы. XVIII-XIX ғасырлардағы түркологиялық зерттеулер. Кеңес дәуіріндегі түркі тілдерінің зерттелуіндегі жетістіктер. Тәуелсіздік жылдардағы түркітанудың дамуы. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи зерттеулері. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері. Түркі тілдерінің жіктелуі. Түркі тілдерінің батыс ғұн: қыпшақ, қарлұқ, оғыз, бұлғар, шығыс ғұн: ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ топтары, тілдік ерекшеліктері. Басқа түркі тілдері.	
4	<b>Шетел әдебиетінің тарихы</b>	5
	«Шетел әдебиетінің тарихы» пәні бойынша студенттерге жан-жақты тарихи-әдеби, теориялық толық мәліметтер мен практикалық дағдылар туралы түсінік беріледі. «Шетел әдебиетінің тарихы» жоғары оқу орындарына қойылатын талаптар тұрғысынан ғылыми негізде және жылдар бойғы жинақталған бай іс-тәжірибелік нәтижелер мен әдістемелік тұжырымдар ескеріле отырып оқытылады. Сонымен қатар, шетел әдебиетінің оқытылу тарихының жүйесі, ерекшелік сипаттары көрсетіледі. Орыс ғалымдарының құнды-құнды пікірлері мен аудармаларына, еңбектеріне де назар аударылады.	

5	<b>Түркітілдерініңсалыстырмалыграмматикасы</b>	5
	Салыстырмалы грамматиканың мақсаты – түркі тілдері, олардың жалпы сипаты, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең қарастыру. Студенттерге түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының тақырыптары мен мазмұны бойынша ғылыми негізде, жүйелі білім алуына бағыт беретін, туыстас тілдерінің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғызу. Ол тіл біліміне қатысты басқа пәндер секілді болашақ білімді де, білікті тіл мамандарын ғылыми-теориялық тұрғыдан терең қаралуына мүмкіндік береді. Ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамалардың негізінде түркі тілдерін зерттеу – сол халықтардың тарихымен тығыз байланыста жүргізілуге тиіс. Қай халық болмасын өзінің тілін, әдебиетін, этникалық тарихын жете білуді мақсат етеді. Соны танып-білудің бір жолы – тілдерді салыстыра отырып тану.	
6	<b>Қазақтілініңтарихиграмматикасы</b>	6
	Студенттерге тарихи грамматиканың зерттелуі жөнінде мағлұмат беру. Пәннің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру. Тарихи грамматиканың басқа пәндермен байланысын қарастыру. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасымен байланысты. Ең алдымен жалпы түркологиялық зерттеулер болды да, кейін сол зерттеулердің бір саласы ретінде қалыптаса бастады. Жеке түркі тілдерінің әрқайсысының тарихы да ең әуелі осы жолмен пайда болды. Қазақ тілінің тарихы жайлы ғылымның өз бастауын әуелі тарихи-салыстырмалы түркологиядан алды.	
7	<b>Ежелгідәуірдегіқазақәдебиеті</b>	5
	Пәннің міндеті әрбір халықтың дамуындағы идеялық бағыт – бағдарларды, әдеби ағымдарды және олардың көркемдік ерекшеліктерін сол халықтың қоғамдық – экономикалық құрылысымен байланысты түрде танып – білу. Қазақ әдебиеті тарихы әдебиеттану ғылымының құрамдас бөлімі ретінде көркем сөз өнерінің тарихын халқымыздың төл тарихынан бөліп – жармай, тұтас күйінде зерттейді. Сол арқылы ол әдеби шығарманың туылуын, әдеби өмірдің кемелденуін сан алуан әдеби бағыттар мен көріктеу құралдарының даму кезеңдерін, әдеби процеске ықпал еткен қаламгерлердің творчествосын танып біледі.	
8	<b>XV-XVIIIғасырлардағықазақәдебиетініңтарихы</b>	4
	«XV-XVIII ғ. қазақ әдебиеті» пәні – ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиіс проблемаларына байланысты студенттерді өзіндік ізденіске баулуды нақты міндеті деп санайды. Хандық дәуір әдебиеті пәнінің мақсаты – студенттерге теориялық және тәжірибелік тұрғыда білім беру, әлі толық ашылмаған жайттарға студенттердің назарын аудару. Студенттердің алған білімін қайталап еске түсіре отырып, бір ізге салу.	
9	<b>XIX ғасырдағықазақәдебиетініңтарихы</b>	6
	Бұл пән бойынша мынандай теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: семинар сабақтарының мақсаты- студенттердің жекелеген шығармаларға мәтіннамалық талдау жасай білуі мен туындылардың композициясы мен сюжетін жүйелеп, образдарды сомдаудағы сөз зергерлері пайдаланған тәсілдерді пайымдай білу машығын қалыптастыру. Әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларының көркемдік шеберлік сырларын тереңдете оқыту. Бұл талаптың аясында қазақ сөз өнерінің философиялық, гуманистік-ағартушылық, эстетикалық мазмұнын жан-жақты камту. XVIII-XIX ғасыр ақын- жырауларының шығармаларындағы дәстүр жалғастығы, отаршылдық	

	саясат мазмұның жырлаған осы дәуір ақындарының поэзиясы және оның реалистік маңызын игерту.	
10	<b>1900-1960 жж. Қазақәдебиеті тарихы</b>	4
	1900-1960 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақын-жазушылардың өмір жолы мен шығармашылығы. Көркем шығармаларды кеңінен оқып, игеру. Көркемдік-эстетикалық жетістіктері. Жан-жақты талдау жасау. XX ғасыр басындағы қазақәдебиетінің тарихына және оның кезеңдеріне байланысты фундаменталды білім.Әдеби поэтикамен қарым – қатынасы мен байланысы. Қазақәдебиетінің тарихына байланысты ғылыми әдебиттер. XX ғасыр басындағы қазақәдебиетінің дамуы мен қызмет етуіндегі маңызды мәселелер. Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде фольклор мен мифтік игерілу үрдісі. Сол кезеңдегі қазақ прозасы, поэзиясы, драматургиясындағы мифтік сарындар мен фольклорлық дәстүрлердің берілу жолдары мен ерекшелігі. Романның тууы. XX ғасыр басындағы қазақәдебиетінің өзекті мәселелеріне қатысты айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың ойлары, пікірлері.	
11	<b>1961-2000 жж. Қазақәдебиетінің тарихы</b>	5
	Бұл кезеңдегі әдеби қозғалыстың басты ерекшеліктерінің бірі жазушылардың шығармашылық белсенділігінің артуы деуге болады. Бұл осы дәуірде туған прозалық шығармаларда айрықша танылды. Өмірді күнгей жағынан ғана алып, боямалап көрсету фактылары сынға ұшырағаннан кейін қазақ жазушылары бүгінгі маман шындығындағы қайшылықты құбылыстарды көріп зерттеуге, көркем бейнелеуге ұмтылды. Ел тарихындағы маңызды тарихи оқиғаларды суреттеуге ойысты.	
12	<b>Қазіргі қазақәдебиеті</b>	6
	1990 жылдан бастап, тәуелсіздік пен еркіндік жағдайында кеңестік кезеңде кеткен қателіктер мен “ақтаңдақтар” қайта қарастырылып, жаңаша бағалау жұмыстары жүргізілді. 21 ғасырға қарай Қазақ әдебиеттану ғылымы қазақ әдебиетінің өткеніне шынайы баға бере алатын, бүгінгісіне әлемдік әдебиеттанумен салыстыра отырып, саралай алатын ғылым саласына айналды. Қысқаша айтқанда, Қазақ әдебиеттану ғылымы өзі пайда болғанға дейінгі тарихи алғышарттар кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықта, негізінен мынадай нәтижелерге қол жеткізді: бүкіл түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірдегі әдеби мұраны игеруден басталған сыншылық-эстет., әдеби-тарихилық, әдеби-теориялық сипаттағы ізденістер ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір дәрежесіне дейін көтерілді; әдеби мұраның өте мол қоры жинақталды; қазақ фольклортану ғылымы жеке сала болып оңаша отау тікті, оның жазба әдебиетпен байланысы жан-жақты зерттеліп, түйінді тұжырымдар жасалды; қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі әдебиет тарихының көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығарм. мұрасы ғыл. тексеріліп, моногр. тұрғыда тұтас және толық қарастырылды.	
13	<b>Когнитивті лингвистика</b>	6
	Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысанына сондай-ақ концептілер жатады. Олар концептілік жүйе құрап, өзіндік белгілермен ерекшеленетін концептуальды кеңістікті құрайды.	
14	<b>Стилистика және тіл мәдениеті</b>	6

	<p>Бұл пәнді оқытудағы мақсат – студенттерге лингвистикалық стилистика мен тіл мәдениеті негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беру, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйрету.</p> <p>«Стилистика және тіл мәдениеті» пәні студенттерді теориялық тіл білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінен хабардар етеді.</p> <p>«Стилистика және тіл мәдениеті» пәнінің алға қоятын мақсаты – студенттерді теориялық тіл білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінен хабардар ету. Оларға қазақ тілінің стилистикасының өткен тарихынан, қазіргі күйінен, негізгі бағыт – бағдарынан, алдында тұрған басты – басты проблемалардан оқу бағдарламасы талабына сай жүйелі білім беру</p>	
15	<b>Латын әліпбилі қазақ жазуы</b>	4
	<p>Латын графикасының ерекшеліктерін және соған байланысты орфографиялық жүйені ажырата алады. Латын алфавитінің шығу тегі, даму тарихы, графикалық құрамы.</p> <p>Латын графикасының латын тілінің фонетикалық жүйесіне сәйкесуі.</p> <p>Латын жазуының басқатілдерде қолданылуы. Түркі тілдес халықтардың 1924-1929 жылдары арасында латын алфавитіне көшуі. Қазақстанда «жаңа әліп» - латын алфавитін қабылдау (1929), оның маңызы.</p> <p>Латын алфавитіне көшушығыстағы мәдени революция екендігі.</p>	